

**Г.А. Пазиловтың 6D051700-«Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына  
ПІКІР**

Г.А. Пазиловтың ғылыми-зерттеу және ғылыми педагогикалық қызметте 15 жылдан астам тәжірибесі бар. 2006 жылдан бастап ЖОО-да оқытушы, аға оқытушы ретінде студенттерге білім беріп келеді.

Г.А. Пазилов докторантурада білім алу кезінде 12 мақала жариялады, оның 9-ы диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша (Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциялардың материалдарында 3 мақала, Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген журналда 1 мақала).

Г.А. Пазиловтың диссертациялық зерттеу тақырыбы тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруға арналған.

Бүгінгі таңда әлемде тұтыну деңгейі бойынша азық-түлік тауарлары бірінші орында тұрса, одан кейінгі орында халық көп тұтынатын тоқыма өнімдері болып табылады. Жылдан - жылға халық санының өсуі есебінен тоқыма өнімдеріне деген сұраныс көлемінің артуы, жаһандық нарықта тоқыма өндірісіне қажетті табиғи шикізаттар өндірісінің қысқару және олардың бағасының қымбаттауы осы салада қызмет ететін кәсіпорындар арасында жоғары бәсекелестіктің орын алуына алып келді. Аталған факторлар тоқыма саласындағы өндірушілерді бұрынғы тоқыма өнімдеріне қарағанда жаңа немесе айтарлықтай ерекшеленетін, тұтынушыға қол жетімді өнімдерді өндіруге мәжбүрлеуде. Бұл тоқыма кәсіпорындарының инновациялық тұрғыдан белсенді болуын қажет етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда халықты қажетті тоқыма өнімдерімен қамтамасыз етуде отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметін жетілдіру маңызды болып табылады. Өйткені елімізде тоқыма саласына қажетті табиғи шикізаттардың басым бөлігі өндірілгенімен, халықты отандық тоқыма өнімдерімен қамтамасыз ету көлемі өте төмен, бұл салада импортқа тәуелділік деңгейінің жоғары екендігі байқалып отыр. Ал отандық тоқыма кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі төмен күйінде қалып отыр. Сондықтан да тоқыма саласында қызмет ететін кәсіпорындардың белсенді инновациялық саясатты жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда Г.А. Пазиловтың инновациялық белсенділік кәсіпорының бәсекелік артықшылығын қамтамсыз етудегі қызметінің ғылыми және тәжірибелік мәселелерін зерттеуге, отандық тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды беруге бағытталған зерттеу тақырыбының өзектілігін растайды.

Диссертация мазмұны мен құрылымы бойынша диссертациялық зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты етіп өнеркәсіп кәсіпорындарының бәсекелестік артықшылығы ретіндегі олардың инновациялық белсенділігін басқарудың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу нәтижесінде отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру жолдарын ұсыну қойылды.

Докторант қойылған мақсатқа сай тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің теориялық-әдістемелік негіздерін, Қазақстандағы тоқыма саласының негізгі мәселелерін, отандық тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділік көрсеткіштерін, оларға әсер ететін негізгі факторларды, кәсіпорынның инновациялық белсенділігін анықтау бойынша шетелдік зерттеушілердің жариялаған ғылыми еңбектерін және халықаралық ұйымдардың инновациялық белсенділікті анықтауда қолданатын негізгі көрсеткіштерін, тоқыма кәсіпорындарының инновациялық қызметін мемлекеттік қолдаудың отандық және шетелдік тәжірибелерін зерттеген.

Диссертациялық жұмыста еліміздің тоқыма саласына қажетті негізгі шикізаттар өндірісі саласын, тоқыма өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың әлеуетін, соңғы жылдардағы тоқыма бұйымдарының экспорт – импорт көрсеткіштерін, сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен салыстырғанда Қазақстанның мүмкіндіктерін жан-жақты талдай отырып, отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін тиімді басқару арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын ұсынған.

Алынған ғылыми нәтижелер «Azala Cotton» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің инновациялық белсенділігін басқару тәжірибесіне енгізілген.

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері тек тоқыма кәсіпорындарында ғана емес, басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін анықтауда және олардың инновациялық белсенділігін басқару бойынша нақты шешімдер қабылдауда қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар беретін дербес, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Г.А. Пазиловтың диссертациялық жұмысы диссертацияға қойылатын талаптарға жауап береді және 6D051700-«Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,  
э.ғ.к., профессор

Бимендиева Л.А.

оп-Фараби атындағы ҚазҰПУ Ғылыми кеңесшісінің қызметін атқару және аттестаттау басқармасының директоры

ЗАБЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

20 ж.г.

